**2021-2022 оқу жылында** мектепалды даярлық тобының "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең-кезеңімен жасалған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бұйрығының 3-тарауын басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 30 минуттан құрылып, мектеп директорымен бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген. Сабақ кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

**2021-2022 оқу жылында** мектепалды даярлық тобының "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең-кезеңімен жасалған.

Күн тәртібі Балаларды қабылдау 08.00-08.30, Ата-аналармен әңгімелесу 08.30-08.35, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау т.б.) 08.35-08.45, Сергіту жаттығулары 08.45-08.55; Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 08.55-9.00; Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер 09.00-09.30, 09.40- 10.10, 10.20-10.50, 11.00 -11.30;

Серуенге дайындық, серуен 11.30 - 11.45 Балалардың үйге қайтуы 12.00 деп белгіленіп, бекітілген.

**2022-2023-2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығы негізінде мектепалды даярлық тобында тәрбиелеу мен оқыту процесі келесі бес:

Физикалық қасиеттерді дамыту; Коммуникативтік дағдыларды дамыту; Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағытта жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығының 3-қосымшасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 25 минут болып алынып, кестесі құрылып, бекітілген.

Күн тәртібі Балаларды қабылдау 08.00-08.30, Ата-аналармен әңгімелесу 08.30-08.35, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау т.б.) 08.35-08.45, Сергіту жаттығулары 08.45-08.55, Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 08.55-9.00; Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер 09.00-09.25, 09.35- 10.00, 10.15-10.40, 10.45-11.10; Серуенге дайындық, серуен 11.10-11.25 Балалардың үйге қайтуы 11.45-12.00, деп белгіленіп, бекітілген.

**2021-2022 оқу жылында, 2022-2023 оқу жылында, 2023-2024 оқу жылында** Күн тәртібі «Алтын асық» шағын орталығында Балаларды қабылдау және ата-аналармен әңгімелесу, жаттығу жасау 08.00-08.30, Ас дәмді болсын! Таңғы ас 08.30 - 09.00, Түскі ас 12.00-12.20, Бесін ас 15.20 -15.50, Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 09.00 -09.15. Кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 09.15 - 10.20. Серуенге дайындық, серуен 10.20 -12.00, 16.10-16.50; Серуеннен оралу 12.00-12.20, 16.50-17.00; Тәтті ұйқы 13.00 -15.00, Ойындар 15.50 -16.10 Балалардың үйге қайтуы 17.00 деп белгіленіп, бекітілген.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында деректер берілген.

## **5. Оқу-материалдық активтер**

### **Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат**

Мектепалды даярлық топтары 1-қабатта орналасқан кабинетте 1-ауысымда оқиды. Мектепалды даярлық тобының арнайы оқу бөлмесі / кабинет/ 18,8 м², . Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығының негізінде балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету, тәрбиеленушілердің күн тәртібіндегі әрекеттерін (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау т.б.) (мозайкалар, құрастырғыштар, т.б.) ұйымдастыру мақсатында "Денсаулық"-Физикалық қасиеттерді дамыту, "Коммуникация" - Коммуникативтік дағдыларды дамыту, "Таным"- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, "Шығармашылық"- Балалардың

шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, "Әлеумет"- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - бес білім саласын/бағытын қамтитын оқу және ойын материалдары бар. Атап айтқанда қуыршақ театрының жиынытығы-1, киіз үй жабдықтары жиынтығы-1, көлік жиынтығы-1, жануарлар-құстар жиынтығы-1, туған өлке, ауыл шаруашылығы, спорт, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты туралы иллюстрациялық суреттер альбомы-1-еуден, сюжетті суреттер-1, көкөністер мен жемістер муляжы-1, дидактикалық ойындар-5, ірі бөлшектері бар конструктор-1, үлестірмелі геометриялық пішіндер-1, сандар кассасы-1, санау материалы-1, санау таяқшалары-1, циферблаты бар сағат-1, шахмат-1, дойбы-1, бейнелеу өнеріне, жапсыруға, бұйымдар жасауға арналған материалдар, боямақтар -14-тен, өсімдіктерді күтуге арналған құралдар-2, бөлме өсімдіктері-8, ұлттық және қимылды ойындарға арналған жабдық-1/1, мұғалім үстелі-1, орындығы-1, парта-8, тақта-1, магнитті тақта-1, балалардың дербес әрекетіне арналған үстел-2, балалар орындығы-16, балалардың жұмыстарына арналған стенд-1, интернетке қолжетімді ноутбук-1, интерактивті тақта жылжымалы-1, көрнекіліктер, дидактикалық материалдар қойылған шкаф-2, қол жуатын раковиналар бар.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) Мектеп ғимараты медициналық кабинеттермен қамтамасыз етілген

Мектеп ғимаратында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында пандус, шақыру қоңырауы, қабылдау орны, арнайы жалпы аумақтар (дәретхана, раковина), тактильді жолдар, брайль тақтайшалары орнатылған.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz)

## 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

### Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде бағаланатын кезеңде мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері қажетті оқулықтармен қамтамасыз етілді. **2021-2022-2023 оқу жылында** мектеп кітапханасында мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері үшін келесі: Сауат ашу негіздері. №1,2 Әліппе-дәптер. Авторы: С.Н.Жиенбаева, З.Муфтибекова Баспасы: Алматыкітап, 2020ж-90д, Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Әліппе-дәптер №1,2+СД (со стикерами) Авторы: Г.Қиялбекова, Г.Құрманғалиева Баспасы: Алматыкітап, 2020ж-90д, Жаратылыстану. Әліппе-дәптер. Авторы: А.Манкеш Баспасы: Алматыкітап, 2020ж-90д, Қоршаған ортамен танысу. Дәптер. Р.Қ.Жүндібаева, А.Т.Қабыланбекова Баспасы:Атамұра 2020ж-90д, Русский язык азбука-тетрадь №1,2+CD Г.В.Добрынина, Е.В.Криушова, Е.Г.Хоцял Алматыкітап баспасы 2020ж-90д

оқулықтар

болды

және

қолданылды.

**2023-2024 оқу жылында** мектеп кітапханасына жаңадан келесі оқулықтар: Сауат ашу негіздері. №1,2 Жұмыс-дәптері. Авторы: Г.Ж.Тұрсынбаева Баспасы: Алматыкітап, 2023ж-120д, Математика негіздері. Жұмыс-дәптері №1,2+CD Авторы: Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева Баспасы: Алматыкітап, 2020ж-120д алынды. Жетіспейтін оқулықтарды кітапханашылар басқа мектептерден уақытша қолдануға алып, тәрбиеленушілер 100% қамтамасыз етілді. Қажеттілікке байланысты сұраныс берілген.Әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес [281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында деректер берілген.

## **7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**

**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:**

### **2021-2022 оқу жылында**

Бастауыш сыныптар «Туған жердің балдырған ұланымыз,Білімділік іздену ұранымыз» онкүндігінде мектепалды даярлық топтары арасында өткізілген «Балатілі бал » сайысында арнайы мектеп директорының дипломымен даярлық тобы тәрбиеленушілері марапатталған

«Үркер» зияткерлік марафонының жеңімпазы Баймағанбет Арафат, Қарабек Диас, Жасболатұлы Ерасыл қатысқандары үшін сертификат алды.. «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауында Қарабек Диас арнайы І дәрежелі Дипломмен марапатталды.

«**Алтын асық**» шағын орталығында «Күз- шеберханасы» атты Республикалық балалар байқауына Аманбайұлы Ермұхаммед, Таңатарқызы Ерке, Аманжанұлы Мұхаммедқанапия дипломмен марапатталды.

Халықаралық «Пони» байқауында Әмида Гаухар, Жанғабыл Жансезім, Темірбай Заңғар қатысып, арнайы сертификатқа ие болды.

### **2022-2023 оқу жылында**

М.Жұмабаевтың шығармашылық байқауында Қарабек Диас .Оралбай Дильназ жеңімпаз атанды.

«Мұқағали оқулары» байқауында үздік өнер көрсеткені үшін Ермек Әлихан,Оралбай Назым, Серік Ерке, Ұзақбай Жауқазын марапатталды.

«**Алтын асық**» шағын орталығында «Әдебиет әлемі» атты Республика күніне орай ұйымдастырылған шығармашылық байқаудан «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Сағындық Рахман, Қуанышұлы Нұрислам ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің №514 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған «Абай оқулары» байқауында Баймағанбет Меруерт арнайы сертификатқа ие болды.

**2023-2024 оқу жылында** «Айналайын балапан» әдеби танымдық журналының ұйымдастырумен өткен «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауында Серік Ерке І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері арасында өткен интеллектуалды сайыста Ермек Әлихан ,Оралбай Назым сынды тәрбиеленушілер ерекше білімдерімен көзге түсіп мектеп директорының дипломымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің №514 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған «Абай оқулары» байқауында Оралбай Назым арнайы сертификатқа ие болды.

«Күз мезгілі тамаша» атты сурет байқауында Аманбайұлы Ермұхаммед, Ермек Әлихан жеңімпаз атанғаны үшін марапатталды.

«Алтын асық» шағын орталығында «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен «Мұқағали оқулары» байқауына қатысып, Жақсылық Нұрбибі, Амантаева Айлуна I дәрежелі дипломмен марапатталды. «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауында Болатұлы Санжар арнайы I дәрежелі дипломмен марапатталды.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында көрсетілген

### **Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы**

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

- 1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;
- 2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;
- 3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

#### **2021-2022 оқу жылына жасалған б а с т а п қ ы мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 3/60%    | 2/40%     | 0          |
| Шағын орталық | 20        | 6/30%    | 10 /50%   | 4 / 20%    |

#### **2021-2022 оқу жылына жасалған а р а л ы қ мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 2/40%    | 2/40%     | 1/20%      |
| Шағын орталық | 20        | 4/20%    | 8 /40%    | 8 / 40%    |

#### **2021-2022 оқу жылына жасалған қорытынды мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 0        | 2/40%     | 3/60%      |
| Шағын орталық | 20        | 2/10%    | 3/30%     | 15 / 60%   |

#### **2022-2023 оқу жылына жасалған б а с т а п қ ы мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 3/60%    | 2/40%     | 0          |
| Шағын орталық | 20        | 6/30%    | 10 /50%   | 4 / 20%    |

#### **2022-2023 оқу жылына жасалған а р а л ы қ мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 2/40%    | 2/40%     | 1/20%      |
| Шағын орталық | 20        | 4/20%    | 8 /40%    | 8 / 40%    |

**2022-2023 оқу жылына жасалған қорытынды мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 0        | 2/40%     | 3/60%      |
| Шағын орталық | 20        | 2/10%    | 3/30%     | 15 / 60%   |

**2023-2024 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 3/60%    | 2/40%     | 0          |
| Шағын орталық | 20        | 6/30%    | 10 /50%   | 4 / 20%    |

**2023-2024 оқу жылына жасалған аралық мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 2/40%    | 2/40%     | 1/20%      |
| Шағын орталық | 20        | 4/20%    | 8 /40%    | 8 / 40%    |

**2023-2024 оқу жылына жасалған қорытынды мониторинг қорытындысы**

| Топтар        | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|---------------|-----------|----------|-----------|------------|
| Мад           | 5         | 0        | 2/40%     | 3/60%      |
| Шағын орталық | 20        | 2/10%    | 3/30%     | 15 / 60%   |

**2021-2022 оқу жылында** баланың біліктері мен дағдылары дамуының /оқу жылының басында 5, соңында 5 бала/ бастапқы бақылау нәтижелері I деңгей-3,60% II деңгей-2,40%, III деңгей-0%; аралық нәтижеде I деңгей-2,40 %,II деңгей 2,40 % III деңгей-1,20%, қорытынды нәтиже I деңгей- 0 %, II деңгей 2,40 %, III деңгей-3,60 %-ды көрсетіп, өсу динамикасы анықталды.

**2022-2023 оқу жылында** баланың біліктері мен дағдылары дамуының /оқу жылының басында 5, соңында 5 бала/ бастапқы бақылау нәтижелері I деңгей-3,60% II деңгей-2,40%, III деңгей-0%; аралық нәтижеде I деңгей-2,40 %,II деңгей 2,40 % III деңгей-1,20%, қорытынды нәтиже I деңгей- 0 %, II деңгей 2,40 %, III деңгей-3,60 %-ды көрсетіп, өсу динамикасы анықталды.

**2023-2024 оқу жылында** баланың біліктері мен дағдылары дамуының /оқу жылының басында 5, соңында 5 бала/ бастапқы бақылау нәтижелері I деңгей-60% II деңгей-40%, III деңгей-0%; аралық нәтижеде I деңгей-40 %,II деңгей 40 % III деңгей-20%, қорытынды нәтиже I деңгей- 0 %, II деңгей 40 %, III деңгей-60 %-ды көрсетіп, өсу динамикасы анықталды.

Білім беру ұйымында оқыту нәтижелерін (біліктері мен дағдылардың диагностикасы) бағалау уақытында жүргізілді.

«Алтын асық» шағын орталығында **2021-2022 оқу жылында** баланың біліктері мен дағдылары дамуының / 20 бала, бастапқы бақылау нәтижелері I деңгей-30% II деңгей- 50%, III деңгей-20%; аралық нәтижеде I деңгей-20%,II деңгей 40% , III деңгей-40 %, қорытынды нәтиже I деңгей-10%, II деңгей 30%, III деңгей-60 %-ды көрсетіп, өсу динамикасы анықталды.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz)

**Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қорытынды)**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында тәрбиеленушілердің дайындық

деңгейіне қойылатын талаптар мен үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге жету деңгейін анықтайтын мониторинг жасалып, баланың жеке даму картасы әзірленген. Циклограмма ұзақ мерзімді жоспар бойынша педагогтарда жасалып бекітілген. Ұзақ мерзімді жоспарда өтпелі тақырыптар көрсетіліп, білім беру жүзеге асырылған, циклограммада көрсетілген. Балалар тізбедегі біліктер мен дағдыларды игергендігі мониторинг барысында айқындалған.

Бағалау кезеңінде мектепалды даярлық тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының дамуына мониторингілеу жұмыстары уақытын сақтай отырып, жасалған. Мониторинг арқылы баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықталып, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік бере алды. Мониторинг нәтижелерін алу балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалды. Бақылау парағы бес білім саласы/бағыты бойынша жасалды. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша деңгейі көрсетілді.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізіліп, іс қағаздары жинақталды. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендері туралы жазылған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласын ұйымдастырылған оқу қызметі/ іс-әрекеті арқылы білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игере алды. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелерге қол жеткізе алғандығы көрінеді. Балалар белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолдану деңгейлерін игерген.

#### **2021-2022 оқу жылы**

| № | дағдылар тізбесі                | мектепалды жасы (5жастан бастап) |                                |
|---|---------------------------------|----------------------------------|--------------------------------|
|   |                                 | Топ /бала саны                   | Дағдыларды игерген бала саны % |
| 1 | Денсаулық сақтау дағдылары      | 1/5                              | 100%                           |
| 2 | Коммуникативтік-тілдік дағдылар | 1/5                              | 100%                           |
| 3 | Танымдық дағдылар               | 1/5                              | 100%                           |
| 4 | Шығармашылық дағдылар           | 1/5                              | 100%                           |
| 5 | Әлеуметтік дағдылар             | 1/5                              | 100%                           |

#### **2022-2023 оқу жылы**

| № | дағдылар тізбесі                           | мектепалды жасы (5жастан бастап) |                               |
|---|--------------------------------------------|----------------------------------|-------------------------------|
|   |                                            | Топ/бала саны                    | Дағдыларды игерген бала саны% |
| 1 | Физикалық қасиеттерді дамыту               | 1/5                              | 100%                          |
| 2 | Коммуникативтік дағдыларды дамыту          | 1/5                              | 100%                          |
| 3 | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | 1/5                              | 100%                          |

|   |                                                                |     |      |
|---|----------------------------------------------------------------|-----|------|
| 4 | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | 1/5 | 100% |
| 5 | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру                 | 1/5 | 100% |

### 2023-2024 оқу жылы

| р/с | дағдылар тізбесі                                               | мектепалды жасы (5жастан бастап) |                                |
|-----|----------------------------------------------------------------|----------------------------------|--------------------------------|
|     |                                                                | Топ /бала саны                   | Дағдыларды игерген бала саны % |
| 1   | Физикалық қасиеттерді дамыту                                   | 1/5                              | 100%                           |
| 2   | Коммуникативтік дағдыларды дамыту                              | 1/5                              | 100%                           |
| 3   | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту                     | 1/5                              | 100%                           |
| 4   | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | 1/5                              | 100%                           |
| 5   | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру                 | 1/5                              | 100%                           |

Оқу жылы барысында даярлық топ балалары физикалық қасиеттерді дамыту бағыты бойынша; сапта жүруді, ұлттық ойындарды ойнауды, баяу жүгіруді, гигиеналық шараларды, өзіне-өзі қызмет етуді үйренді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бағыты бойынша сөздерге дыбыстық талдау жасауды; сөйлегенде зат есім, сын есім, сан есім, үстеу сөздерді қолдануды; сұрақтарға қысқаша және толық жауап беруді; сюжетті суреттер, әңгіме, ертегілерді баяндауды; өлең-тақпақтарды мәнерлеп айтуды; қойылымдарда рөлдерді сомдауды; алған әсерлерімен бөлісуді; дауысты, дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуды; түрлі сызықтарды салып, жай сөйлем құрастыруды; жазу парағын бағдарлай білуді; диалог құруды; заттарды сипаттауды үйренді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бағыты бойынша 10-ға дейін тура, кері санауды; заттарды түсі, пішіні, қолданылуы бойынша салыстыруды; қағаз бетін бағдарлап, түрлі сызықтар сызуды; геометриялық пішінді ажыратуды; апта күндері, айларды ретімен айтуды үйренді.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бағыты бойынша бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, түстерді қолдануды; қазақ оюларының элементтерін салуды, олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіруді; сюжеттік суреттерді салуды; қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндеуді; оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіруді; қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қиюды; қайшы мен желімді дұрыс қолдануды; сюжеттік композициялар жасауды; оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды; еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды; ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруды; жұмысты бірге келісіп орындауды; дайын құрылыспен ойнауды; әндердің жанрын ажыратып, орындауды үйренді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыты бойынша туыстық байланыстарды ажыратуды; үлкендерді сыйлауды; кішіге қамқорлық танытуды; арнайы көлік құралдарының қолданылуын, жол қозғалысының қарапайым ережелерін білді. Өз Отанын жақсы көруді, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі

жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінді. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауды; табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызын; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінді.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімі: сыныпта тыңдалым жақсы; әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие; әр бала өзінің білетінін айта алатын деңгейін көрсетті. Осы білім салалары бойынша мектепалды даярлық тобының көрсеткіштері жақсы деңгейде екені анықталды. Шағын орталықта балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың физикалық, адамгершілік және зияткерлік дамуы үшін уақытты үйлесімді бөлу, стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар жасау. Ұлттық дәстүрлерге, сондай-ақ жалпы адамзаттық қағидалар мен нормаларға негізделген рухани-адамгершілік және мәдени-әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру.

«Алтын асық» шағын орталығында Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру.

Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастырып, рухани - адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі тәрбие ұйымының стратегиялық даму жоспары негізінде шағын орталықта жылдық жоспары, әдіскердің, әуез жетекшісі, тәрбиешілердің, оқу-

жылдық жоспарлары жазылып мектеп директоры қолымен бекітілген.

Жоспарларда педагогикалық процестерді ұйымдастырудағы жаңашыл тәсілдерді

пайдалану, оқу-тәрбие жұмысында балалардың денсаулығы мен физикалық дамуының сақталуы, баланың жас ерекшеліктеріне қарай білім алуы, мектеппен байланыс жұмыстарын жолға қою, отбасы әлеуетімен қатар баланың толыққанды дамуына педагогикалық психологиялық ортаның негізін қалауды қамтиды. Оқу процесінде балабақшада «Денсаулық», «Триз», «Ойын» технологияларының элементтері қолдануда. Тәрбиелеу барысында және жоспарда балалардың оқуға деген ынтасын арттыру қамтылып, бұл бағыттағы әдістер келтірілген.

Балабақшаның жылдық жоспары, оқу процессіне арналған күн тізбелік жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында әр оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін

ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттарын басшылыққа ала отырып

жасалған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдар бойынша білім беру

ұйымның жылдық жоспары жасалып, бекітілген. 5 бөлім бойынша іс-шаралар

қамтылған. Білім беру ұйымының мақсат, міндеттері айқындалып, балалар өмірін қорғау мен нығайту, педагогтар, отбасы және өзге де балабақша қатысушылармен жұмыстар жоспарланып, жүргізілген.

1.«Таным білім беру саласы»Математикалық байланыстылық туралы түсініктерін қалыптастыру Қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, тірі және өлі табиғатпен қоғамдық өмірдің қарапайым байланысын түсінуге ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Танымдық құзіреттілігін, сенсорлық эталондар жүйесін зерттеушілік, заттық әрекеттерді қалыптастыру

2. «Шығармашылық» білім беру саласында - Мүсіндеу оқу қызметі арқылы баланың психикалық процестерін дамуына ықпал ету, баланың іс-әрекетке қызығушылығын арттыру. Өз бетінше еңбек ету, еңбек ету нәтижесінде төзімділікке, шыдамдылыққа баули отырып эстетикалық тәрбие беру. (мүсіндеу ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы);

3.«Қатынас» білім беру саласында балалардың ересектер мен балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырып, балалардың шығармашылық белсенділігін және бастамшылық танытуын дамытып, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сауат ашу негіздері )

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

## 8. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымында жүргізілген тәрбиелеу-білім беру процесі жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін мектепалды топтың ата-аналарынан (заңды өкілдерге) сауалнама алынды. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын тәрбиеленушілер контингентінің тізімдік құрамы 5 баланы құрады. Тиісінше 5 ата-аналар (заңды өкілдер) сауалнамаға тартылды. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын сауалнамаға қатысқан ата-аналар (заңды өкілдер) 5/100%-ды құрады. Ата-аналардан (заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, «Сіздің балаңыз мектепалды даярлыққа қуана барады» сұрағына-«толық келісемін»- 88%, «келісемін»-12%, «келіспеймін»-0%-ды; «Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар» сұрағына-«толық келісемін»-93%, «келісемін»-7%, «толық келіспеймін»-0%-ды; «Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз» сұрағына-«толық келісемін»-93%-ды; «келісемін»-7%, «Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз» сұрағына-«толық келісемін» 95%-ды; «келісемін»-5%,

«Тәрбиешілер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды» сұрағына-«толық келісемін» 91%-ды; «келісемін»-9%, «Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?» сұрағына-«толық келісемін» 88%, «келісемін» 12%-ды; «Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді» сұрағына-«толық келісемін»91 %, «келісемін» 9%-ды; «Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген» сұрағына-«толық келісемін» 89%, «келісемін» 9%-ды; «келіспеймін»2% «Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз» сұрағына-«толық келісемін» 91%, «келісемін» 9%, «келіспеймін» 0%-ды; «Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі» сұрағына-«толық келісемін» 88%, «келісемін»12%-ды; «Сіз мектепалды даярлық жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз» сұрағына-«толық келісемін» 89%, «келісемін» 9%ды; «келіспеймін»2% «Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?» сұрағына-«толық келісемін»89 %«келісемін»9 %.«келіспеймін»2% «Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз» сұрағына-«шағымым жоқ» 100%, «шағымым бар» 0%-ды көрсетті. Балаларға жасалған қолайлы ортаның, мұғаліммен қарым-қатынасын, оның дамуына қосып жатқан білім беру

ұйымының жұмысын бағалауға берілген сауалнаманың жалпы қорытындысы бойынша респонденттердің 90,4 %-ы толық келісемін және «келісемін», 9,1 %-ы «келіспеймін»-0,5 %-ды деп жауап берген.

Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы балалардың ата-аналары оқыту нәтижелеріне, балалардың игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр [281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында дәлелдемелер берілген.

Сауалнама нәтижелері [281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында көрсетілген Педагогтерден алынған сауалнама қортындысы бойынша барлығы мұғалім түгел қатысып, келесі жауаптарды берді.

«Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді» сұрағына-«толық келісемін» 100% ,«Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Педагогтер эмоционалды-психологиялық қолдау алады» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады» сұрағына-«толық келісемін» 100%-ды; «Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды» сұрағына-«толық келіспеймін» 100%-ды; келіспеймін» 100%-ды; «Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз» сұрағына-«шағымым жоқ» 100%-ды көрсетті. Сауалнама қортындысы бойынша ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал, ата-аналармен, оқушылармен, ұжымдастармен қарым-қатынас этикасын сақтау, мектеп әкімшілігінің жұмыс стилінің мұғалімнің дамуына ықпал етуі педагогтерді 100% қанағаттандыратыны белгілі болды.

[281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында дәлелдемелер берілген.

Сауалнама нәтижесі [281mektep.edu.kz](http://281mektep.edu.kz) сайтында орналастырылған Білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларының іске асырылуы жақсы деп бағаланды.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- Мектепалды даярлық топ мұғалімдерінің біліктілік санатын иелену және көтеру көрсеткішін жоғарылату;
- Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері мен педагогтерінің білім беру стандартына сәйкес толық оқу-әдістемелік кешенмен /оқулық-дәптер, қажетті жабдықтар, әдістемелік құралдар/ қамтамасыз етілуі;
- Мектепалды даярлық тобы оқу бөлмесінің материалдық-техникалық және жабдықтармен жарақтандырылуын жақсарту.

#### 10. Қорытынды мен ұсыныстар

Қортындылай келе, мектебіміздегі мектепалды даярлық тобының жұмысы үлгілік оқу қағидаларына сәйкес жасалған. Кадрлар туралы толық ақпарат берілген. Мұғалімдердің мамандықтары педагогикалық білімдері атқартын қызметіне сәйкес келеді. Тиісті бейін бойынша білім жетілдіру курстарынан өткен. Тәрбиеленушілердің контингенті, олардың қозғалысы, ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы мәлімет толық берілген. Тәрбиелеу мен оқыту процесіндегі жоспарлар мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, үлгілік оқу бағдарламаларына, үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толық орындалған. Оқу бөлмесі, жиһаздар мен жабдықтар туралы ақпарат жазылған. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын бақылау нәтижелеріне толық талдау жасалып, мониторинг жүргізілген. Білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардан сауалнама алынып, нәтижелеріне талдау жасалған.

Ұсыныстар:

- Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері мен педагогтерінің толық оқу-әдістемелік кешенмен /оқулық-дәптер, қажетті жабдықтар/ қамтамасыз етілуі;
- Мектепалды даярлық тобы мұғалімдерінің білімін жетілдіруге байланысты /мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен мектептегі даярлық топтары жұмысының ерекшеліктері айқындалған/ білім жетілдіру курстарының болуы.

Комиссия төрағасы : А.Ж. Жолмырзаева А.Ж. Жолмырзаева

Комиссия мүшелері: С.Койбагарова С.Койбагарова

Г.Сулейменова Г.Сулейменова

Г.Ержанова Г.Ержанова